

**"Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің Ұлттық санаткерлік меншік институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 11 шілде N 756

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің Ұлттық санаткерлік меншік институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәнісі ғылым саласында санаткерлік меншік мәселелері бойынша өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру және мемлекеттік монополияға жатқызылатын салалардағы қызметті жүзеге асыру (өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау саласында қызмет көрсету) болып белгіленсін. <\*>

**Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.08.29. N 886 қаулысымен .**

3. Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік басқару органы болып Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитет белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорын Жарғысын бекітсін және оның мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің таратылып отырған "Қазақстан патенттік сараптама институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының кредиторлар талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін Кәсіпорынға берсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

**5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК